

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы : “Балақай” бөбекжайы балабақшасы
Топ/сынып: Кіші топ (Балбөбек)
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Қазан айы 2025 жыл**

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, колдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің колдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілпектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету. Жендерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды

	орындайды, кимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген кимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;
Тіл дамыту және көркем әдебиет	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тындатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциялы қабылдауды; таныс тақпақтарды қайталауды; ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету; қарапайым түрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.

Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты кайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парак бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды меңгерту.
Музыка	Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қондыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік ойынқимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасауды үйрету; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдыларын жетілдіру; музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру дағдыларын қалыптастыру;